Педагогикалық кеңес

Хаттама № 1

Мерзімі: 28.08.2019ж Қатысқандар:9 адам

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.
2. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережесін бекіту туралы.
3. «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек ?»баяндама
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
5. Жазғы сауықтырудың кезеңінің жұмысын қорытындылау.

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Ол сөзінде балабақшада бір жылға арналған жылдық және оның негізінде айлық жоспар құрылуы тиіс. Бірінші қыркүйекке дейін осы екі жоспар түзіліп, бекітілуі тиіс. Сонымен бірге, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлдік. Соған байланысты әр топтың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде анықтадық. Яғни, Кіші топ – 7 оқу жүктемемен 10-15 минут; Ортаңғы топ – 12 оқу жүктемемен 15-20 минут аралығында,Ересек тобында - 14 оқу жүктемесі 20-25 минут ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өтеді. Сонымен бірге, айта кететін тағы бір мәселе – ортаңғы топта 1 вариативтік,Ересек топта -2 компонент орын алады. Бұл күннің II жартысында өтілсді. Тәрбиешілер бұл вариативтік компонентке арнайы дәптер арнап кесте бойынша толтырып отырады. Қазір тәрбиешілерге өздерінің тиісті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекітіп беремін – деді.

2.Тыңдалды. Балабақша әдіскері А.Мамбетова сөз алды. Қызметкерлердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы үшін жеке жауапкершілігін арттыру мақсатында, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік нормативтік талаптар негізінде балалар мекемесінде барлық санаттағы жұмыскерлерге арнап қауіпсіздік техникасы жөніндегі лауазымдық міндеттеріңізбен таныстырып, бір көшірмесін қолдарыңызға берген болатынмын. Қазір мен дәл осылай етіп жаңадан келген қызметкерлерге жеке еңбек шарты мен лауазымдық міндеттерін таныстырып, бір көшірмесін өздеріне беремін.

3. «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек ?»баяндаманы балабақша тәрбиешісі А.Аязова оқып анықтырды.

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 1

Мерзімі: 30.08.2019ж Қатысқандар:9 адам

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.
2. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережесін бекіту туралы.
3. «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек ?»баяндама
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
5. Жазғы сауықтырудың кезеңінің жұмысын қорытындылау.

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Ол сөзінде балабақшада бір жылға арналған жылдық және оның негізінде айлық жоспар құрылуы тиіс. Бірінші қыркүйекке дейін осы екі жоспар түзіліп, бекітілуі тиіс. Сонымен бірге, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлдік. Соған байланысты әр топтың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде анықтадық. Яғни, Кіші топ – 7 оқу жүктememен 10-15 минут; Ортаңғы топ – 12 оқу жүктememен 15-20 минут аралығында,Ересек тобында - 14 оқу жүктемесі 20-25 минут ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өтеді. Сонымен бірге, айта кететін тағы бір мәселе – ортаңғы топта 1 вариативтік,Ересек топта -2 компонент орын алады. Бұл күннің II жартысында өтіледі. Тәрбиешілер бұл вариативтік компонентке арнайы дәптер арнап кесте бойынша толтырып отырады. Қазір тәрбиешілерге өздерінің тиісті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекітіп беремін – деді.

2.Тыңдалды. Балабақша әдіскері А.Мамбетова сөз алды. Қызметкерлердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы үшін жеке жауапкершілігін арттыру мақсатында, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік нормативтік талаптар негізінде балалар мекемесінде барлық санаттағы жұмыскерлерге арнап қауіпсіздік техникасы жөніндегі лауазымдық міндеттеріңізбен таныстырып, бір көшірмесін қолдарыңызға берген болатынмын. Қазір мен дәл осылай етіп жаңадан келген қызметкерлерге жеке еңбек шарты мен лауазымдық міндеттерін таныстырып, бір көшірмесін өздеріне беремін.

3. «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек ?»баяндаманы балабақша тәрбиешісі А.Аязова оқып анықтырды.

(Жазбаша түрі бар)

4.Тыңдалды. Балабақша әдіскері сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешілердің арнайы шығармашылық тақырыптары болатынын, жыл бойы сол тақырыпта ізденіп, материалдар жинақтап, жыл соңында қорғайтындарын айтты. Шығармашылық тақырып, үш жылда бір рет жаңартылып отырады, - деді.

1.Балалардың құзіреттілігін қалыптстыруда жаңашыл тиімді әдістер қолдану-Әдіскер :Л Бердешова

2. Қимылды ойынның балаға берер пайдасы.Оның түрлері.–Аязова А

3.Баланың танымдық қабілетін дамыту - К.Коскараева

4. Дамутышы және білім беруші ойынды тіл дамытуда пайдаланудың маңызы –Мусабаева Ф

5. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қабілетін арттыру-
Н Алмурзаева

6.Балабақшадағы инновациялық қызметті ұйымдастыру -А.Мамбетова

7.Балалардың ұлттық ойындар ойнату арқылы тәрбиелеу – Н.Тәліпова

Шешімі:

1. Баланың тілін дамыту іс-әрекеті жүзеге асырылсын.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары анықталып, бекітілсін.
3. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережесі бекітілсін.

«АЙАТХАН»

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова

Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н.Алмурзаева

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 2

Мерзімі: 12 .11.2019ж Қатысқандар:9 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар» Баяндама
   Тәрбиеші: А.Алмурзаева
3. «Балабақшадағы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру»баяндама .Мейірбике
4. «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалану»тақырыпты тексерудің қорытындысы. Меңгеруші А.Мамбетова
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау:
1. «Көнілді балапандар» Кіші топ. К.Коскараева
2. «Денсаулық кілті» Ортаңғы топ. Н.Алмурзаева
3. «Орманға саяхат» Кіші топ. Ф.Мусабаева
4. «Балабақша бақыт мекені!» Ересек тобы А.Аязова

5. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Балабақшаға баланы қалай дайындау керек процесі ата-аналармен және де тәрбиешілердің бірігіп жасаған жұмыстарының арқасында бір шама жұмыстар жүргізілді. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережесі бекітілді. Педагогтар шығармашылық тақырыптары бойынша тәжірибе жинақтап жұмыс жүргізіп жатыр.
6. Екінші сұрақ бойынша «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар» тақырыбы бойынша баяндамасын Н.Алмурзаева таныстырып өтті.

(Жазбаша түрде баяндамасы бар)
Баяндама жаңа технологиялар:
1.ТРИЗ технологиясы
2.Тәй-тәй технологиясы
3.Монтессори технологиясы
4.Зайцев технологиясы
5.Дамыта оқыту технологиясы туралы түсіндіріп өтті.Әдістер: Ой толғаныс,Ассоциация,Салыстыру,Раунд-Робин,Топтау әдісі.

3.Үшінші сұрақ бойынша «Балабақшадағы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру»баяндама Тәрбиеші К.Коскараева мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің мақсаты- балалрдың денсаулығын нығайту,дененің дұрыс дамуын қамтамассыз ету, өйткені бұл кезде баланың дамуына қолайлы жағдай жасалса ,бала денесі тез жетіліп өседі.Басты міндет, балалардың қозғалыстарын жетілдіру,қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық,күштілік,төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру

болып тбылады деп айтты.Оқу іс әрекет мынандай құрылымда өтіледі.Кіріспе бөлімде жүру,жүгіру түрлері,секіру жаттығулары,сапқа тұру орындалады.

4.Төртінші сұрақ бойынша «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалану»тақырыпты тексерудің қорытындысы.Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі процесінде қимыл-қозғалыс ойындары жетекші роль атқарады.Тақырыпты тексеру барысында Ортаңғы «Қарлығаш » тобында Ойын атрибуттары,таяқшалар ,обручтар түрлі басқада құрал жабдықтар жеткілікті. Ұсыныс: Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып ойындарды түрлендіру керек және сол ойындарға құрал жабдықтарын дайындау .

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау:
   «Көңілді балапандар» Кіші топ. К.Коскараева
   «Денсаулық кілті» Ортаңғы топ. Н.Алмұрзаева
   «Орманға саяхат» Кіші топ. Ф.Мусабаева
   «Балабақша бақыт мекені!» Ересек тобы А.Аязова

Кіші «Балапан » тобында «Көңілді балапандар» тақырыбында Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.Тәрбиеші балаларды жақсы игере алды.Көрнекіліктер жеткілікті . Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі балалардың жас ерекшеліктеріне сай алынған.Дидактикалық ойындар ойнатылды.Ұсыныс: Шығармашылық жұмыспен жұмыс жасату керек .

Ортаңғы «Ақбота » тобының «Денсаулық кілті» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өтті.Жас ерекшеліктері сақталған.Көрнекілік жеткілікті.Ғажайып сәт болды.Ұсыныс : Жаттығу жасайтын құрал жабдықтар жеткілікті болу керек.

Кіші «Балапан »топ «Орманға саяхат» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өтті.Жылулық шеңбермен басталды.Тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктерін ескерген.Көрнекіліктер жеткілікті.дидактикалық ,қимылды ойындар қолданылды.Ұсыныс :Балалармен ұжымдық жұмыс жасау керек

Ересек «Қарлығаш » тобы«Балабақша бақыт мекені!» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өтті. Әдемі әуенмен басталды.Балалардың бәрі көңілді.Ғажайып сәттер болды. Көрнекіліктер жеткілікті.Бес білім саласымен кіріктіріліп өтілді.

Шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуда.
2. Тәрбиеші А.Алмурзаева «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар» тақырыбы бойынша баяндамасындағы іс-тәжірибесі оқу-тәрбие процесінде пайдаланылсын.
3. Балабақшадағы балалардың қимыл –қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру іс жүзінде қолданылсын.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері ұнатарлық.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова
Хатшы, б/б тәрбиешісі: Ж.Жақсылық

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 3

Мерзімі: 20.01.2020ж Қатысқандар:9 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы». Баяндама
   Тәрбиеші:Аязова А
3. «Балабақша тәрбиенің алтын-бесігі» баяндама
   Тәрбиеші: Тәліпова Н
4. «Күлгін орман ғажайыптары» (В.Воскобовичтің дамытушылық ойындары)
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау:
   1. «Туған өлкем» Ортаңғы топ Мусабаева Ф
   2. «Ыдыстар» Кіші топ Жақсылық Ә

1.Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова өткен №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып Бейнелеу іс-әрекеті барысында жаңашыл, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді балалармен жұмыс барысында қолданылуда.Тәрбиешілер жоспар бойынша жұмысты жасап жатыр.
2.Екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері А.Мамбетова «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» тақырыбында баяндама оқыды.Біздің балабақшамыздағы тәрбиелеу –оқыту жұмысында балалардың тілін ,сөздік қорларын дамыту ,ауызша сөйлеуге үйрету үйренген сөздерін күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынасты қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беріледі.

(Баядаманың жазбаша түрі бар.)

3. Үшінші сұрақ бойынша «Балабақша тәрбиенің алтын-бесігі» тақырыбындағы баяндаманы тәрбиеші Тәліпова Н таныстырып өтті. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ,қазіргі заманға сай білімді де тәрбиеде ұрпақ тәрбиелеу –білімді,жан жақты тәрбиешілердің еншісінде.

(Жазбаша түрі бар).

4. Төртінші сұрақ бойынша «Күлгін орман ғажайыптары»
   (В.Воскобовичтің дамытушылық ойындары)

5.Бесінші сұрақ бойынша тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетті:

Ортаңғы «Қарлығаш» тобынның тәрбиешісі Мусабаева Ф «Туған өлкем» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметі балалардың жас ерекшеліктеріне сай алынған, бес білім саласымен кіріктіріліп отілді.Көрнекілік жеткілікті.Ұсыныс: Ойындарды түрлендіріп алу керек.

Екінші:Кіші «Балапан тобын тәрбиешісі Ә.Жақсылық«Ыдыстар »тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін көрсетті.Балаларға ойын түрінде ыдыстар таныстырылды .Дидактикалық ойындар пайдаланды.Тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі қанағаттанарлық.Көрнекіліктер жеткілікті.

Шешімі:

1. Өткен №2 педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуда.
2. Баяндамада айтылған әдіс-тәсілдер іс жүзінде қолданылсын.
3. Ашық оқу қызметтері қанағаттанарлық.

Төрайымы, б/б меңгерушісі А.Мамбетова
Хатшы, б/б тәрбиешісі А.Аязова

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 4

Мерзімі: 19.03.2020ж Қатысқандар: 9 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның атқаратын ролі» баяндама Тәрбиеші: Н.Тәліпбаева
3. Көрме: Фетр матасынан қол өнер жасау
4. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметнің талдау
   1. «Балалардың сенсорлық танымын ойын арқылы дамыту» Кіші топ : Қ.Коскарасва
   2. «Құстар» Ересек тобы Жакипова Х

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Ол өз сөзін өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жайлы айтып өтті. Тәрбиешілер бейнелеуге үйретудегі қолданылатын технологиялық әдістерді іс – тәжірибелеріне қолданып, күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қолдануда.

2. Екінші мәселе бойынша «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның атқаратын рөлі» баяндама Н.Тәліпова

Н.К.Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп айтқан : «Ойын –өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті.Ойында баланың дене күші артады,қолы қатайып ,денесі шыңдала түседі,көзі қырағыланады,зеректілігі ,тапқырлығы,ынтасы артып жетіле түседі Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады» Қорыта айтқанда бала ойынмен өседі.

3.Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері педагогикалық ұжымды Көрме: Фетр матасынан қол өнер жасау ойындар көрмесіне шақырды. Көрме тамашаланды. Жақсы деген баға берілді. Қызметкерлер бар күшін, еңбегін салып көрмеге дайындалғаны көрініп тұр – деді. Фетр матасынан әртүрлі ертегі кейіпкерлерін жасап ,қатынас білім саласында қолдана білді.Тәрбиеші бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне қарай көрнекіліктер жасады.Көрме қанағаттанарлық болды

4.Төртінші сұрақ бойынша тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетті.Кіші «Балапан»тобының тәрбиешісі Қ.Коскараева «Балалардың сенсорлық танымын ойын арқылы дамыту» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтті. Балаларға көрнекіліктер жеткілікті.Ұйымдастырылған оқу- қызметінің құрылымы жақсы алынған

Екінші Ересек «Қарлығаш» тобының тәрбиеші Л.Сахова «Құстар» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін көрсетті.Көрнекілік жеткілікті,ұйымдастырылған оқу қызметі ойын түрінде өткізілді.Тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі қанағаттанарлық..

Шешімі:

1. Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
2. Балаларға ойын түрлері кеңінен қолданылсын
3. Көрмеге қойылған корнекіліктер ұйымдастырылған оқу қызметінде қолданылсын
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі жақсы деп бағалансын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова
Хатшы, б/б тәрбиешісі: Ә.Жақсылық

Хаттама № 5

Мерзімі: 18.05.2020ж Қатысқандар:9 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Педагогикалық тренинг » Іскерлік ойын
3. Тәрбиешілердің 2020-2021 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарына есеп беруі
4. Балабақша педагогтарының жұмысын қортындылау

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Ол кісі оз сөзін өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жайлы айтып өтті. Өткен кеңестің шешімі бойынша тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде баланың тілін дамыту мақсатында жан-жақты ізденіс үстінде. Олар «Денсаулық», «Шығармашылық» білім беру саласын тереңдетіп үйретуде. Сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметінде дидактикалық ойындарды да кірістіріп, ойнатылуда

2..Екінші мәселе бойынша б/б әдіскері А.Мамбетова «Педагогикалық тренинг» Іскерлік ойынын өткізді. Қазіргі заман тәрбиешісінің әлеуметтік психологиялық мәдениетін жетілдіру, бір – бірлеріне деген достық сезімін арттыру. Тәрбиешілердің педагогикалық рефлекциясын дамыту. Шығармашылыкка, әртістікке, бастамашылдыкка ынтасын дамыту. Өзін – өзі тануға, педагогикалық ізденімпаздыкка қызығушылығын тәрбиелеу.

3.Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер өздеріне берілген шығармашылық тақырыптарына есеп берді. Олар осы жыл бойына осы тақырыпты жан-жақты ашу мақсатында ізденген, жасаған жұмыстарын айтып,көрсеттті.
Осы мәселе бойынша тәрбиеші К.Коскараева сөз алды. Менің шығармашылық тақырыбым «Баланы салауаты өмірге баулу». Мен осы тақырыпта жыл бойы ізденіс үстінде болып, әрбір ұйымдастырылған оқу қызметінде осы тақырыпты енгізіп отырдым. Осы максатта балаларды салауатты өмірге баули алдым деп ойлаймын .Мен өте көп ізденіп, еңбектенуім керек.
Осы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Бұл бет алыстарыңыз жақсы. Осы ізденіс, еңбектену жолында сіздерге шабыт, сәттілік тілеймін.

4.Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскрі сөз алды. Біздің тәрбиешілеріміз жыл басында бекітілген жылдық жоспар бойынша жұмыс жасады.Ұйымдастырылған оқу қызметі өз деңгейінде откізілді.Тәрбиеленушілердің алған білімдерін мониторинг арқылы белгіленіп отырды.Тәрбиешілер ата-аналармен тығыз қарым –қатынаста болды.

Ұсыныс: Тәрбиешілер көрнекіліктерді толықтыру керек

Шешімі:

1. Балабақшада жылдық жоспар талапқа сай орындалды
2. Тәрбиешілердің жыл бойында жасаған жұмыстарның нәтижесін «Педагогикалық тренинг» іскерлік,достық ойындары арқылы қортындылады
3. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыпта одан әрі, бұдан да күрделірек ізденіп, жұмыс жасасын.
3. Тәрбиешілердің жасаған жұмыстары қолдануға ұсынылсын

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова

Хатшы, б/б тәрбиешісі: А.Аязова